

ежелден-ақ ден қойған. Дәстүрге арқа сүйемегеннің көсегесі көгермейді деген атамыз. Яғни отбасы ауыл-аймақ, көпшілік, қоғам болып адамдарды тәрбиелеу қазақ халқының өмірінен өзекті орын алған. Салт-санасы, әдет-ғұрпы, ойын-тойы осы мақсатты іске асыруға бейімделе жүргізілген. Ұлттық табиғатымызға сай келмейтін педагогикадан гөрі халық педагогикасының маңызы зор. «Жақсы тәрбие сенің тұздықты дастарханға төгіп алмағаның емес, басқа біреу солай істегенде, оны сенің байқамауың» деген екен А.П.Чехов. Олай болса, қасиетті қасиеттесек қана қасиет екенін естен шығармайық.

Тәуелсіздігімізді алып, өркениеттілікке құлаш сермеген бүгінгі таңда адамгершілігі мол, сапалы да салауатты ұрпақ тәрбиелеуде халықтық тәрбиенің алатын орны ерекше. Қазір оқу орындарында ұлттық тәрбиеге айрықша мән берілуде. «Жастар біздің болашағымыз» дейтін болсақ, сол жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр. Сабақ үрдісінде оқушыларға тұрмыстық тәрбиеге байланысты салт-дәстүрлер, бала дүниеге келгеннен өскенге дейінгі аралықта қолданылатын салт-дәстүр, ырым-тыйымның рөлі, сәлемдесу әдебі, сыйластық, қонақ күту, ас ішу әдебі, инабаттылық дәстүрлері, сөйлеу әдебі және киім кию тәрбиесі, ұлттық тәрбиедегі еңбек тәрбиесінің орны, қазақ халқының озық мәдениет үлгілері мен олардың тәрбиелік мәні сияқты ұлттық құндылықтарымызды оқытуымыз керек.

Тәуелсіздігімізді алып, өркениеттілікке құлаш сермеген бүгінгі таңда адамгершілігі мол, сапалы да салауатты ұрпақ тәрбиелеуде халықтық тәрбиенің алатын орны ерекше. Қазір оқу орындарында ұлттық тәрбиеге айрықша мән берілуде. «Жастар біздің болашағымыз» дейтін болсақ, сол жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр. Сабақ үрдісінде оқушыларға тұрмыстық тәрбиеге байланысты салт-дәстүрлер, бала дүниеге келгеннен өскенге дейінгі аралықта қолданылатын салт-дәстүр, ырым-тыйымның рөлі, сәлемдесу әдебі, сыйластық, қонақ күту, ас ішу әдебі, инабаттылық дәстүрлері, сөйлеу әдебі және киім кию тәрбиесі, ұлттық тәрбиедегі еңбек тәрбиесінің орны, қазақ халқының озық мәдениет үлгілері мен олардың тәрбиелік мәні сияқты ұлттық құндылықтарымызды оқытуымыз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. *Жұмбаев М.* Педагогика. – Алматы: Рауан, 1994.
2. *Пірәлиев С.* Ұлттық тәрбие және жаһандану // «Егемен Қазақстан»
3. *Қапалбеков Б.* Ұлттан тілді алса... – Алматы, 2006. – 138 б.
4. *Қожахметова К.Ж.* Этнопедагогика: әдіснамасы, теория, тәжірибе- Алматы, 2013

Айналияева Назгүл Аманжолқызы

педагогика ғылымдарының кандидаты,

психология-педагогика факультетінің деканы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА СТУДЕНТТЕРДІ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АННОТАЦИЯ

Берілген мақалада ЖОО-дағы болашақ мұғалімдердің ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда патриоттық тәрбиенің ролі қарастырылады. Этнопедагогикалық мәдениет пен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің өзара байланысы көрсетілген.

Патриоттық тәрбие, ұлтаралық қарым-қатынас, жоо-ғы тәрбие, тәрбиелік іс-шара, этнопедагогикалық мәдениет.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматривается роль патриотического воспитания в формировании культуры межнационального общения будущего учителя в процессе обучения в вузе. Сделан акцент на взаимосвязь этнопедагогической культуры и культуры межнационального общения

Патриотическое воспитание, межнациональное общение, воспитание в вузе, воспитательные мероприятия, этнопедагогическая культура.

ABSTRACT

The article deals with role of patriotic upbringing at the formation of the culture of international association future teacher at the institute. Author pays attention to the connection of the ethnopedagogical culture and the culture of international association.

Key words: patriotic upbringing, interethnic dialogue, upbringing at the institute, the educational events, ethnopedagogical culture

Егемен еліміздің елдігі мен бірлігін сақтайтын ұрпақ тәрбиелеу – қазіргі мұғалімдердің алдында тұрған негізгі міндеттің бірі болып табылады. Бұл міндетті шешудің бір жолы – мұғалімдерді этнопедагогикалық даярлықтан өткізу және оған жағдай жасау. Бұл үшін ұрпақ тәрбиесімен айналысатын ұстаздар қауымы халық педагогикасының үлгі-өнегелерін оқу-тәрбие үрдісінде тиімді қолдана білуі тиіс. Жасөспірімдерді отанды сүйуге, адамдыққа, адами тазалыққа, ізгілікке баулу – ұстаздың басты парызы. Ол үшін мұғалім қазіргі қоғамның дамуына қарай лайық өзінің білім беру ісінде рухани, шығармашылық ізденіспен жұмыс жасай алатын, этнопедагогикалық теорияны толық меңгеріп, оны практикада жүзеге асыра алатын тұлға болу қажет. Мұғалімнің сапалы кәсіби даярлығына, біліктілігіне, оқу-тәрбие үдерісінде халық педагогикасының идеяларын педагогикалық сауатты, мақсатты даярлықпен пайдалануына байланысты. Бұл мәселелерді шешуде жоғары педагогикалық оқу орыны маңызды роль атқарады.

Елбасы «Әр ұрпақтың өз арманы бар, оларда тек жеке және отбасылық игіліктерге ғана ұмтылыс таппайды. Оларда қашанда туған жерге деген сүйіспеншілік сезімі, өз халқы мен Отанының бақыты туралы аңсар айқын көрінеді. Ата-бабаларымыздың көптеген ұрпақтары үшін Қазақстанның Тәуелсіздігі асыл арман болып келді. Біз, қазіргі қазақстандықтар үшін тәуелсіздік көпэтносты қоғамымыздың нақты жоғары өмірлік құндылығына айналды» - деді. Ол үшін болашақ мұғалімдерді осы мәселе жөнінде өздерінің болашақ оқушыларына тәрбие сағаттары арқылы дарытуды, студенттердің теориялық білімдерінен және педагогикалық практикаларынан бастап қолға алған жөн деп ойлаймыз. Әрине болашақ мұғалімдер үшін, бұл мәселені шешудің жолы этнопедагогикадан теориялық және практикалық білім болып табылатыны сөзсіз.

Мемлекетімізде қазақ халқының патриотизмі ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінде маңызды орынға ие. Көпұлтты еліміздің мүдделеріне қызмет етуінің негізінде жатқан Отанға деген сүйіспеншілік сезімі қоғам дамуы мен ұрпақтар сабақтастығының маңызды құрамдас бөлігі болған және болып қала бермек. Егер осы биік сезім өз елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезіміне ұласса, ол жекелеген адамдардың күнделікті іс-әрекетінің маңызды өзегіне, осыдан келіп, жалпы қоғамның ілгерілеуінің күшті қозғаушысына айналады. Дәл осындай шынайы патриотизм қоғамның саяси шоғырлануы мен бірігуіне септесіп немесе, керісінше қоғамның саяси ыдырауы мен жіктелуіне әкеп соқтыра алады.

Қазақ халқының патриотизмі қазақстандық патриотизм мен қазақстандықтардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің негізінде жатқандығын айта кеткен жөн. Қазаққа және қазақстандықтарға тән патриотизм басқа ұлттардың, салыстырмалы түрде атап айтатын болсақ, не американдық, не жапондық патриотизмге барабар, тепе-тең емес, олардың арасында ортақ сипат-белгілер аз болмаса да, әрқайсысының өзіне тән сапалық сипаттамалары, туындау ерекшеліктері және көрініс табу формалары бар. Бұған қоса, бір ғана елдегі әр түрлі саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің белгілі бір жағдайларда патриотизм танытуы өте алуан түрлі болып келеді. Әйтсе де, өткір, сындарлы төтенше жағдайларда ол

айырмашылықтар жоғалып, не бірыңғай қайғы-қасірет сезімі, не өз халқы үшін, Отаны үшін мақтаныш сезімі ретінде көрініс табады.

Патриотизм ұлттық тегі тұрғысынан қарастырғанда, тарихи, мәдени, рухани дамуының ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттың жаңаруында, сондай-ақ, әрбір ұлт өкілдерінің санасының нығаюы мен қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

Осыған байланысты, қазақ халқының патриотизмі – бұл патриотизмнің басқа халықтардың тарихы мен дәстүрлеріне құрмет танытушылық пен үйлестігіне ден қою, мән берушілік болып табылады. Осы қағида арқылы патриотизм табиғи әрі негізгі сезім ретінде, тұлғаның өзіне жақын жиынтық бүтінді алдындағы тікелей міндеті ретінде беки түседі, сонымен бір мезгілде, бұл сезім халықтық өзіншілдіктің хайуандық қасиеттерінен арылып, баршаны қамтитын, берік адамгершілікті-өнегелік бастауға сәйкес барлық басқа халықтарға ізгі қатынас жасаудың негізі мен өзегіне айналады.

Қазақстандық ғалымдардың көпшілігі патриотизм мен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің диалектикалық бірлігін баса атап көрсетеді. Әсіресе, бір-бірінен ажыраған патриотизм мен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің мәні өзгеретінін атап көрсеткен ғалымдар Р.Б.Әбсаттаров, Т.С.Садықов, С.М.Борбасов, Т.С.Сәрсенбаевтың пікірлері ерекше назар аудартады [2,8].

Шын мәнінде, қазіргі заманғы дүниеде, мысалы, егемендік үшін күресті, ұлттық жаңғыруды және дамуды басқа халықтардың тәуелсіздігін құрметтеушіліксіз, олардың теңдігін мойындаусыз, ұлттар арасындағы достықсыз, әр түрлі сала бойынша өзара тиімді ынтымақтастықсыз елестету қиын. Қазақстан сияқты көпұлтты елде жалпықазақстандық патриотизм қазақ халқының патриотизмі мен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің үйлестігінсіз болуы, тіптен, мүмкін емес.

Сонымен қатар, Қазақстан халқының патриоттық тәрбиесінің мазмұны оның құндылығын ашатын «Отан» ұғымының рухани-өнегелік және саяси қырына негізделеді. Қазақстандық патриотизм көпұлтты халықтың, қоғамның мүдделерін таныта және қорғай отырып, жеке тұлғаларды өзінің азаматтық мінез-құлқы, іс-әрекетімен құқықтық нормаларды орындауға бағыттап отырып, оларды бір мезгілде көпұлтты халық пен оның мәдениеті тудырған моральдық нормалар мен салт-дәстүрлер де, фольклор мен өмірлік құндылықтарда берік орныққан патриоттық тәжірибені игеру арқылы бірігуге ынталандырады. Қазіргі Қазақстан тұрғын халықтың жалпықазақстандық патриоттық дәстүрлер мен құндылықтарды меңгеруіне, олардың жекелеген және топтық мінез-құлықтық бағдарламаларға айналуына мұқтаж.

Сондықтан, Қазақстандық патриотизм шеңберінде ұлттық саясат барлық ұлттардың теңдігін, сонымен қатар, Қазақстан территориясында тұратын әр түрлі ұлттық топтардың мүдделерін есепке алатын өзара келісілген шешім қабылдау қажеттілігін қамтамасыз етеді. Бұл орайда, ұлттық топтарға, олардың мүдделері ескерілетінін және билік тарапынан әділ қатынасқа сене алатынын көрсету үшін ұлттық топтарды саяси шешімдер қабылдау процесіне тартуға күш салу керек [3, 91].

Зерттеуші А.Ж.Мұқажанова: Адамдардың патриоттық санасының әлсіреуі, өзінің елі мен оның жетістіктері үшін ұлттық мақтаныш сезімінің өзгеруі – бұл қоғамның моральдық азғындауының, халықтың тұрақсыздануы мен ыдырауының ажырамас белгі-сипаттары. Қазіргі кезде мемлекет пен азаматтық қоғамның бүкіл күші әлемдік экономикалық дағдарыстың теріс салдарларын жоюға, қоғамның қауіпті қылмыстық деңгейімен, жемқорлықпен және басқа әлеуметтік жат құбылыстармен күреске бағытталып, жұмылдырылуда. Қазіргі таңда Қазақстанда Отанға деген сүйіспеншілік қоғамдық қатынастардың демократиялануы мен гуманизмденуі негізінде; адамды, оның өмірін, адамдық ар-намысын, адамға лайықты еңбекақы төлемі мен тіршілік сапасын биік құндылық деп тану негізінде; мемлекетте ілгерілеуші әлеуметтік саясат жүргізу негізінде қалыптасады - деп жазады.

Бұндай қазақ халқының жаңарған патриотизмінің мазмұнында және жалпы қазақстандық патриотизмнің қалыптасуы негізінде қазіргі қоғам мен қазіргі озық мәдениет құндылықтары ғана емес, сонымен қатар, қазақ мәдениетінің, оның айрықша руханилығының, азаттық

пен өнегелікке деген мәңгілік ұмтылыстарының дәстүрлі құндылықтары да жатыр. Өткеннің озық дәстүрлерін сақтап, заманауи өркениеттің барынша озық үрдістерін меңгере отырып, Қазақстан халқы өз елін ең алдыңғы межелерге шығара алады. Бұған халқымыздың жоғалмаған, қайта, жаңа әлеуметтік, саяси өмір шындығы жағдайында жаңарған, жаңғырған патриотизмі кепіл болмақ.

Осыдан келіп, қазақстандық жастарға патриоттық тәрбие беру саласында салмақты әдістемелік зерттеулер қажет деген тұжырым жасауға болады. Өйткені, қазіргі кезеңде мемлекеттің жаңа саяси және әлеуметтік құрылымдарымен өзара әрекеттестігінің жаңа сапалы деңгейі жағдайындағы патриоттық тәрбие берудің әлеуметтік мәні ашылмаған, қоғамдық сана құрылымындағы патриоттық сананың орны мен Қазақстан тұрмыс-тіршілігінің қазіргі кезеңінде тұлғаның патриоттық қасиеттерін қалыптастырудағы білім беру жүйесінің рөлі зерттелмеген.

Сонымен қатар, зерттеуші Жұмабек Кенжалиннің әділ атап кеткеніндей: «Қазақстандық патриотизм жалаң ұран, сөзуарлықтың жиынтығынан ада болуы тиіс. Себебі, әлеуметтік әділетсіздік, принципсіздік орын алған жерде халықтың патриоттық сезімін оятатын факторлар жойылады. Ал ондай сезімі, отаншылдық рухы сөнген елдің болашағы да бұлыңғыр болатынын тарих дәлелдеп отыр. Сондықтан, біздің ойымызша, қазақстандық патриотизмнің дәстүршілдік және жаңашылдық сипатына айрықша назар аударып отырған абзал» [4, 46-47].

Қазақстан халықтарының дәстүрлері негізінде жүзеге асырылатын патриоттық тәрбие беру ісі әлеуметтендіру процесін тұлғаның өз қабілеттерін дәл осы Отанға, Атамекенге қызмет ету, өз тарихын, өз Отанының ғылымға, мәдениетке, әлеуметтік дүниенің рухани құндылықтарына қосқан үлесін мақтан тұту арқылы неғұрлым терең ашуына мүмкіндік беретіндей деңгейге жеткізеді. Тек тұлға ғана өзінің Отанға деген қатынасын ішкі, қастерлі сезім ретінде сезіне алады, сол себепті, патриотизм де тұлға дамуының биік деңгейін сипаттайтын аса маңызды рухани мұра ретінде түсініледі.

Жалпы Қазақстанның саяси-әлеуметтік тұрақтылығы, оның ішінде, ең әуелі, саяси тұрақтылық өзінің негізгі қызметтерін бірізді, рет-ретімен атқаратын саяси жүйе тарапынан қамтамасыз етіледі. Ал, бұл онда туындайтын қиындықтар мен қайшылықтарды дер кезінде анықтап, олардың шешілуі үшін барабар шаралар қолданатындығын білдіреді. Сондықтан, қазақстандық қоғамның тұрақтылығы өз қызмет-қайраткерлігінде тек заңдарға және басқа да нормативтік актілерге сүйенетін мемлекет тарапынан қамтамасыз етіледі. Осы арқылы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті мен жүйесінің қызмет ету қарқыны қамтамасыз етіледі. Бұл жағдайда барлық саяси билік субъектілері іс-қызметін бақылау зор маңызға ие болады.

Алайда, Қазақстанның тұрақтылығы, соның ішінде, саяси тұрақтылық шынайы саясаты, саяси басқарудың дұрыстығы арқылы жүзеге асырылатын азаматтардың билік органдарына деген сенімінің артуына, қоғамның демократиялануының дамуына орай едәуір нығайып, мейлінше берік бола түсуде. Бұл жағдайда тұрақтандырушы сана жергілікті халықтың патриоттық санасымен «ұштасып», қоғамды нығайту мен дамытудың да, сондай-ақ, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті – жетілдірудің де күшті тұрақтандырғыш факторы мәнін иеленеді.

Осыған орай, біздің пікірімізше, патриотизм сындарлы дәуірлерде ерекше рөл атқарып, айналасына көпұлтты қазақстандық қоғамның барлық салауатты күштерін шоғырландырып, біріктіретін негізіне айналады. Осы тіршілік еткен уақыт бойы қазақ мемлекеті небір сынақтарға – жатжұрттық жаулаушылардың шапқыншылықтарына, басқыншылық пен құлдыраушылыққа, саяси-әлеуметтік және экономикалық күйзелістерге жиі ұшырады. Қазақ, қазақстандық халықтың ауыр жағдайларда өзінің азаттығы мен тәуелсіздігін, болашағын қорғауына тура келді. Бұл күресте қазақ халқының патриотизмі ғана емес, сонымен қатар, қазақстандық көпұлтты патриотизм де қалыптасып, беки түсті. Сөйтіп, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін дамыту мен мемлекеттік тәуелсіздікті қорғаудың ғана емес, сондай-ақ, бір бүтін ретіндегі халықтың өзінің де тіршілік етуінің факторына айналды.

Осыған орай, ғалым С.М.Борбасов: «Бүгінгі ұрпақ бабаларымыздың қазақ этносын талай қиын-қыстаудан өткізіп, тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің жеке шаңырақ көтеруіне аса зор үлесін қосып кеткендігін бір сәт естен шығармауы керек. ...Қазақстанның рухани дүниесіне, ғасырлар бойы жинақталған рухани қазынасына кеңестік құрылыс кезінде әдейі айтылмай, тұншықтырылып келген Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Міржақып, Жүсіпбек, Мәшһүр-Жүсіп іспеттес, әрқайсы қазақ мәдени дамуындағы бірегей құбылыс болып табылатын, алыптардың шығармашылық мұрасын игеру, қазақ халқының бай да мазмұнды ауыз әдебиеті, аңыз-ертегілері, ақындық дәстүрлері, әсіресе батырлық эпосын білу, ұғыну, шын жүректен төл мәдениет ретінде қабылдау тек қазақ ұлты өкілдерін ғана емес, жалпы қазақстандықтарды Отанын сүюге жетектейтін, баулитын рухани құбылыс», - деп атап көрсетуі орынды [5, 146-147].

Қазақ халқының патриотизмінің жаңаруы мен жалпықазақстандық патриотизмнің қалыптасуы – Қазақстанның қайта өркендеуіне қарай жасалған қадам. Дәл осы патриотизм қазақ халқының да, сол сияқты, көпұлтты қазақстандық халықтың да рухани мұрасы, қоғамдық сананың және ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті тұғырының, қоғамдық және мемлекеттік жүйелердің маңызды элементтерінің бірі болып табылып, олардың тіршілік әрекеті мен тиімді қызмет етуінің рухани-өнегелік негізін құрайды.

Қазақстандық патриотизм қазақ халқына ғана емес, сонымен қатар, Қазақстан бірден бір Отаны болып табылатын басқа халықтарға да тән екендігі атап көрсетіледі. Әлбетте, қазақстандық патриотизм қазақ ұлттық патриотизмінен бастау алады, алайда, ол Қазақстан құрамына жаңадан еніп отырған халықтарға да таралады.

Белгілі ғалым Р.Б.Әбсаттаровтың атап көрсеткеніндей, «Қазақстандық патриотизм тәрбиесі – бұл адамға оның бойында белгілі бір патриоттық көзқарастарды, пікір-пайымдарды, нормалар мен принциптерді қалыптастыру, сондай-ақ, оны сол көзқарастар мен принциптерге сәйкес іс-әрекетке бағыттау мақсатымен әсер ету жүйесі. Патриоттық ұстанымдардың беріктігі айқын мақсатқа жетелейді, қазақстандық азаматқа ұлттық өмірге тар өріс аясынан тыс ұстаным тұрғысынан қарауға және қарапайым адамды екіұдайкүйге түсіретін қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді. Сондықтан, бүгінгі таңда біздің бүкіл патриоттық тәрбие жұмысымыздың міндеті – қазақстандық патриотизмді әрбір азаматтың өмірлік серігіне айналдыру» қажет [6, 71].

Осылайша, Қазақстан патриоттарының сезімдері мен іс-әрекеті Отанға (елге, Қазақстанға) және оның халқына (ұлтына да, сондай-ақ, тұрғын халқына да) бағытталған. Және де, оларда қазақ ұлттық және қазақстандық патриотизм тығыз қабысқан. Олардың табиғи үйлесімі Қазақстанның патриоттық болмысын танытады.

Егемен ел болғаннан бері жас ұрпақты парасаттылыққа, адамгершілікке, саналылық пен салиқалылыққа тәрбиелеп, баулу тақырыптарын қамтыған оқу құралдарының саны қосылуда. Оған жоғарыда көрсетілген ғалымдардың ұлтжандылық көзқарастары айқын дәлел бола алады. Себебі бүгінгі таңдағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық өрлеуі мен рухани-мәдени дамуының алғышарты- Қазақстан азаматтарының бойында ұлтжандылық сезімді қалыптастыру оның маңызды буыны болып табылады. Өйткені, ұлтжандылық – елдің тұтастығы мен мемлекетіміздің бірізділігін, рухани-әлеуметтік саладағы тұғырлы өркендеуді көздеуші негіз. Бұл мәселеде біз болашақ мұғалім тұлғасына басты субъект ретінде қарайтын болсақ, этнопедагогикалық мәдениет ең алдымен олардың ұлттық сезімдерін оятып, бойларында ұлтжандылық қасиетін дамытқан жағдайда ғана қалыптаса алатынын айтамыз. Ұлтжандылық – адамдардың әлеуметтік сезімі мен саяси, моральдық принциптерді біріктіретін кең ұғым. Ұлтжандылық тәрбиенің нәтижесін – ұлтжандылық сананы қалыптастырған жағдайда ғана көруге болады.

П.ғ.д., профессор П.Б. Сейітқазы «Біздің алдымызда болашақ ұрпақты өз Отанын сүюге, ол үшін барлық білімі мен тәлімін сарп етуге тәрбиелеу мақсаты тұр. Сол себепті де бізде де жастарды отансүйгіштікке жүйелі түрде тәрбиелейтін іс-әрекеттер керек. Оны ең алдымен ана тілін ардақтауға үйретуден бастаған жөн. Өз халқының тарихын, мәдениетін өзінің ана тілінде оқып, үйренбеген ұрпақтан төл мемлекетіне деген жанашырлықты күту өте

қиын. Өйткені, тіл - ұлттық мүдденің күретамыры, мәдениетіміздің арқауы.»[7,27]-деп жазуының өзінде келешек ұрпақты патриотизм сезіміне баулып, тәрбиелеуде ең алдымен ана тіліміз, яғни, мемлекеттік тілдің басты құрал екені дәлелденген. Сондықтан ЖОО болашақ мұғалімнің тәрбие үдерісінде оның қарым-қатынасындағы мемлекеттік тілдің даму деңгейіне аса көңіл бөлген жөн. Өйткені мұғалімнің кәсіптік деңгейінде тілдік қарым-қатынас үлкен роль атқарады. Олай дейтініміз қазіргі уақытта мектеп мұғалімдерінің бірі мемлекеттік тілді кәсіптік тұрғыда дұрыс меңгермесе, келесі мұғалім алдындағы білім алып жүрген оқушылармен педагогикалық қарым- қатынас шеберлігін дұрыс орната алмай қиындыққа кез болып жататыны көпшілікке мәлім. Сондықтан ЖОО-да болашақ мұғалімдерді өздерінің мамандықтарына даярлағанда мемлекеттік тілді жетік әрі кәсіптік деңгей тұрғысында педагогикалық сауатты меңгертуді этнопедагогикалық мәдениетті қалыптастырудың бір бөлігі ретінде қарастырған жөн. Ұлттық тілдің дамуы арқылы болашақ мұғалімнің ұлттық сана- сезімі оянып, рухани ойлау дәрежесі биіктейді. Ал педагогикалық қарым-қатынас шеберлігін дамытудың алғышарты болашақ мұғалімнің этнопедагогикалық мәдениетімен ұштасады деп есептегеніміз дұрыс. Өйткені, болашақ мұғалімнің бойына сіңіретін педагогикалық мәдениет өзіміздің ұлттық тәрбиемізді теориялық және практикалық тұрғыда қарастырып, дамыту арқылы қалыптасады десек қателеспейміз. Сондықтан болашақ мұғалімнің этнопедагогикалық мәдениетін қазіргі және келешектегі еліміздің ұлттық мақсат-міндеттеріне сәйкес қалыптастыру маңызды.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол –Қостанай таңы 12 қаңтар 2016ж.
2. Нұрымбетова Қазақстан халқының саяси қатысуы: сипаты мен жолдары. Монография. – Алматы, 2005. – 272 б.
3. Кенжалин Ж. Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2005. – 160 б.
4. Абдығалиев Б. Этнические факторы формирования казахстанского патриотизма //Казахстанский патриотизм: проблемы становления. Материалы науч.-прак. конф. – А.,1997. – С.88-92.
5. Абсаттаров Р.Б., Садыков Т.С. Воспитание культуры межнационального общения студентов: теория и практика. – Алматы, 1999. – 212 с.
6. Борбасов С.М. Қазақстандағы ұлттық процестер және ұлт саясаты. Монография. – Семей: Семей пед-қ инс-ы, 1995. –180 б.
7. Сейтқазы П. Б. Халық педагогикасының материалдарын сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмыстарында пайдалану әдістемесі, Астана 2003, 276.

Айтбенова Аян Алтаевна
аға оқытушы, ҚМПИ
Қостанай қ.
Лисьев Г.А.,
п.ғ.к., доцент, ЧМПУ
Челябі қ., Ресей

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОО-НЫҢ БОЛАШАҚ МАМАНДАРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУ

АННОТАЦИЯ

Мақалада педагогикалық жоо-ның болашақ мамандарының ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруы және дамытуы қарастырылады. Болашақ маманның ақпараттық құзыреттілігін